

Бағалау мен бақылау

Балалар дамуы мен озықтығын бағалау үшін қалыптастырушы және суммативті тест жұмыстарын қолдану керек. Мысалы, орфографиялық қателерді тексеруге күнделікті тесттер немесе оқылған мәліметті қаншалық түсінгендігін тексеру үшін тест, математика бойынша жартыжылдық емтихан немесе жыл сайынғы оқылым тесті. Бірақ ең маңыздысы осы ақпаратты қолдану болып табылады.

Оқушы үлгерімі күнделікті бақыланады, тестіленеді және сынып жетекшісі арқылы бағаланады, ал тест жұмыстарының қорытындысы оқытушының үлгерімі мен жетістіктерін бақылауға септігін тигізеді. Әр тоқсанның соңында бұл деректер оқушы анкетасына енгізіледі. Бұл оқытушыларға сабақты жоспарлауға, әрі тиісті бағдарламаны іске асыруға мүмкіндік береді; ол баланың мүмкіндік деңгейіне сәйкес болады. Барлық мұғалімдер әр оқушыға арналған күнделікті бақылаудың тиісті үлгісін толтыруы керек.

Біз тиісінше мақсат (балалар жетуі тиіс жетістіктерге керекті дағды, білім мен түсіну деңгейі) қоямыз. Жыл соңында әр балаға мұғалімдердің бағаларына негізделген қорытынды NC деңгейі беріледі. SAT құжаттарын қоса алғанда әр түрлі бағалар мұғалімнің бағалауы/ойлауын тексеруі үшін қолданылады.

Мінез-құлық, тәртіп пен қамқорлық

Барлық қызметкерлер сыныптарда, ғимараттарда және оның айналасында «TAMOS Education» саясаты мен оның қолданылуы үшін жауапты. Біз балалар тәртібіне үлкен үміт артамыз, барлық балалардың асқан ынтамен жұмыс істеуіне ұмтыламыз. Біздің мақсат – тәртіптік мәселелерді жою.

Біздің балаларымыздың өмірдегі қазіргі және TAMOS бітіргеннен кейінгі қуанышы мен жетістіктері олардың жауапты шешім қабылдай алу деңгейіне байланысты. Оқушылардың ер жетуіне көмектесу үшін біз тәртіпке жалпы тәсілдемесін құрадық. Барлық балалар мен қызметкерлердің басқаларға қарым-қатынасы осы принципке сәйкес, ұқыпты болады деген ойдамыз. Жақсы тәртіп пен сыртқы келбет көрсеткіштері өзі үшін мақтану, өзгелерге құрмет көрсету арқылы ынталандырады.

Оқушылардың тәртібі тәртіп кодексінде толық берілген, ал жазалар бойынша нұсқаулық жазаға тарту саясатында көрсетілген.

Одан да қиын тәртіп мәселелері сынып жетекшісіне, директор мен кеңесшілерге хабарланады.

Оқытушылар ешқашан оқушылармен Facebook, hi5, MySpace және т.б. әлеуметтік желілер арқылы байланысқа түспеуі керек.

Ата-аналармен тілдесу

Баланың білім алуында төрт топ адамдары қатысады: бала, мұғалім, мектеп және ата-аналар. «TAMOS Education» мен ата-аналар арасындағы тілдесу еркін, әрі ашық болуы керек, сондықтан біз әрдайым өзіміздің кәсіби педагог екенімізді ұмытпауымыз керек, бірақ балаларын жақсы танитын ата-аналардың да сәтті білім беру процесіне қатысуы маңызды екендігін есте сақтаған абзал.

Ата-аналар сыныпта мұғаліммен нақты сұрақтарды талқылау үшін кездесу орната алады. Егер ата-ана жедел сұрақ бойынша мұғаліммен кездескісі келсе, «TAMOS Education» кестесіне сәйкес сабаққа дейін немесе кейін мектепке келе алады. Ата-анамен кездескісі келетін мұғалімдер ата-анамен кездесуді ұйымдастыратын орынбасарлармен, Бас директормен немесе сынып жетекшісімен сөйлесуге тиісті.

Мұғалімдер мен ата-аналар арасындағы өзара қарым-қатынасты теріс нәтижеге әкелмес үшін, ата-аналарды балаларының жетістіктері туралы да хабарлап, оларда талқылануы керек. Одан да ресми кездесуді мектеп Директоры немесе Бас директор арқылы ұйымдастыруға болады.

Ата-аналармен кездесуден кейін талқыланған тақырыптарды жазып алып, оның болашақтағы қолдануына байланысты шешім қабылдау жөн. Егер бала туралы уайымыңыз болса, бұл сұрақты мектеп директорымен, Бас директормен, сынып жетекшісімен және кеңесшімен талдануы керек. Бірлесе ата-ананы мектепке шақыру туралы ортақ шешім қабылданады.

Бірінші тоқсанның басында барлық ата-аналар үшін ашық есік күні ұйымдастырылады. Барлық мұғалімдер ұжымы өздері сабақ беретін топтардың кездесуіне қатысады деп күтіледі. Пән мұғалімдері де кездесулерге қатысып, ата-аналармен тілдесуі шарт. Бұл кейбір ата-аналармен еркін ортада тіл табысуға мүмкіндік береді.

Хабар:

Барлық хабарлар мектеп директорынан алуға болатын ресми қағазында мектеп директорлары мен Бас директорларға жіберіледі. Хаттар негізінен ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде жазылады. Аударма қажет қызметкерлер оны мектеп директорынан алады.

Барлық хабарлар Бас директормен оқылып, құпталады.

Ата-аналармен кездесу:

Ата-аналар жиналысы - «TAMOS Education» күнтізбесіндегі маңызды күндер. Бұл ата-аналармен балалары туралы жалпы сұрақтарды талқылау үшін қолайлы уақыт. Мұғалімдер мұндай кездесулерге дайын болуы тиіс. Барлық мұғалімдер мектеп директорына ата-аналар жиналысынан бір апта бұрын оқушы туралы қысқаша есеп береді.

Өзге де сұрақтар

Ұялы телефондар мен құлаққаптар

«TAMOS Education» оқу сыныптарында ұялы телефон немесе құлаққап ұстауға тыйым салынады. Ұялы телефон анықталған жағдайда тәркіленеді. Телефон ата-анасына ғана қайтарылады. Қайталанған жағдайларда ұялы телефонды оқу жылының соңына дейін алынуына әкеліп соқтырады. Сабақ уақытында балалармен хабарласқысы келген ата-аналар сынып жетекшісі, директор немесе мектеп хатшысы арқылы байланыса алады.

Сағыз

TAMOS ғимараттарында, спорт сабақтары кезінде немесе сыныптан тыс сапарлар уақытында сағыз шайнауға жол берілмейді.

Ойыншықтар

Егер мұғалім өзі сұрамаса, балалар мектепке ойыншықтар немесе басқа да «құнды» заттарын жоғалтып алу немесе сындыру қаупіне байланысты әкелмеуі тиіс. Бұған планшеттер, ноутбуктар мен видеоойындар да жатады. «TAMOS Education» мектепте жоғалған, бұзылған немесе ұрланған мүлік үшін жауап бермейді.

Құпиялық

Ата-аналар мен балаларының туған күні мен телефон нөмірлері туралы ешқашан «TAMOS Education» өзге ата-аналарына ақпарат беруге болмайды. Бұған Қазақстан Республикасының ақпаратты қорғау заңы мен TAMOS ақпаратты қорғау саясатына сай заң алдында жауапты болады.

Implemented: March 2019

Выполнено: март 2019 г.

Орындалды: 2019 жылдың наурыз айы

To be reviewed: March 2020

Подлежит рассмотрению: март 2020

Қайта қарау: 2020 жылдың наурыз айы



General Director

Lydia Shapovalova

School governor and Cambridge Director

Paul Collier-Woods

